

*Гылимов Д.Т.
I курс студенті, академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ
Кипшаков С.А.
п.ғ.к., доцент, академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ*

«АЛАШ» ПАРТИЯСЫНЫҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА 100 ЖЫЛ

Алаш партиясы қазіргі замандағы тәуелсіз еліміздің мемлекет болып қалыптасуында зор маңызы бар. Қықтап жатқан елімізді оятуға және де тәуелсіздігімізді аяндағы бастауы болып табылады. Патша өкіметінің отарлық езгісінен құтқарудағы алға қойылған саясат, еліміздің ең алғашқы құрылған ұлттық-демократиялық, саяси партиясы болып табылады.

Еліміз тәуелсіздік алып, жаратылыстық самалы ескелі бері төл тарихымызда да жабық тақырыптарға жол ашылып, бұрынғы тоталитарлық жүйенің кейде алғашарғысымен, кейде күштеп тануымен мызғымастай орынға келген қасаң тарихи әдіснаманың көбесі тегілі. Қиғаш пікір, оғаш ойлардың бұрыстығы дәлелденіп, бір саусағын ішіне бүккен зымиян саясаттың бет пердесі сыпырылды. Тарихшыларымыз бір ауыз сөз айтуға батыл болмайтын бүкіл бір кезең, дәуір тарихы қайта қаралып, бірте-бірте ақтандақтардың да орны толтырылуда. Соның ішінде енді де болса шынайы баға беріліп, тың деректердің негізінде қайта объективті зерттеуді талап етіп отырған нәрсе Алшорда үкіметі мен Алаш партиясының қызметі және XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ зиялыларының қызметі мен қайғылы тағдыры. Бұл тақырыпты көптеген ғалымдарымыз зерттеп, өздерінің үлкенді-кішілі еңбектерін жазуда. Алаш партиясы құрылғаннан бастап, яғни 20-30 жылдарда көптеген пікірталастар болған, ол туралы көптеген ғалымдар, тарихшылар зерттеу жүргізген. Мәселен, А.Бочагов кезінде Алашты – «ұсақ ұлттық буржуазиялық партия» десе, С.Брайнин мен Ш.Шафиро – «Бүкіл байлардың саяси ұйымы» деді, ал Құрамысов – «Жартылай

феодалдық байлардың партиясы» деп өз ой-пікірлерін білдірген. М.Қ. Қозыбаев Алаш партиясының бағдарламасының жобасын және бүкілқазақстандық екінші съездің құжаттарын талдай келіп, жарты ғасырдан астам уақыт бойы осы партияны ұлтшыл саяси ұйым деп айыптаудың негізсіз екенін айтты. Пікір алысуға қатынасушылардың біразы: М.Қ. Қозыбаев, М.Қойгелдиев, Қ.Нұрпейісов, Ә.Тәкенов 1917 жылғы революцияға дейінгі қазақ интеллигенциясының тарихы мен Алаш партиясының тарихын шатастыруға болмайтындығын көрсетті. «Алаштың» ақиқатын кім айтады деген жалпы тақырыпта зертеушілер А.Григорьевтің, К.Нұрпейісовтың, Т.Кәкімевтің мақалаларында жазылды. Зерттеушілер мұнда Алаштың партия ретінде қалыптасуы, оның әлеуметтік тірегі қазақ қауымының қаңлы оттарынан тұратындығына басты назар аударады. Григорьев мақалада Алаштың қалыптасуы 1917 жылы аяқталған және кадеттер жолын кұған буржуазиялық-ұлтшыл партия деп анықтап, ал партия жетекшілерінің басты тірегі қазақ байлары болды деген өзінің пікірін қайталаған.

Міне осы сияқты көптеген зерттеулер мен ой-пікірлер ХХ ғасырдың бас кезінде құрылған Алаш партиясының жоғарғы дәрежеде зерттелгендігін көрсетеді.

Алаш партиясының құрылуы қазақ халқы өміріндегі елеулі оқиға болды, өйткені сол тұңғыш ұлттық саяси ұйым еді. Алаш 1917 жылдың жазында қалыптасқан жағдайда халықтың келешек тағдырын анықтауға тікелей қатынасы бар жалпыұлттық мәселелерді саяси күрестің күн тәртібіне қойып, оларды шешу жолында айтарлықтай қызмет атқарды. Бұл ең алдымен, партияның программасының жобасын дайындаудан, қазақ ұлттық мемлекетінің құру ісіне белсенді түрде кірісуден, қазақ қауымынан Құрылтай жиналысына депутаттар ұсынып, оларды сайлау ісіне белсенділікпен ат салысудан аса айқын көрінеді. Бұл шешімдердің барлығы 1917 жылдың екінші жартысында жасалды. 1917 жылғы шілде айынан бастап Алаш партиясы сол кездегі мүмкіндіктер аясында саяси күреске белсене араласа бастады. Бұл күрестің түпкі мақсаты қазақ халқын отарлық езгіден құтқару мен буржуазиялық үлгідегі оның мемлекеттігіне қол жеткізу болды.

Алаш қозғалысы туралы белгілі ғалым Тұрсын Жұртбай: «Алаш идеясы бес түрлі нәрсеге тоқталады екен. Біріншісі – жер.

«Жерсіз Отан жоқ. Қашан қазақтың өзі өркениетке ілігіп, техниканың тілін меңгергенше, жерді жекеменшікке беруге болмайды». Бұл – Әлихан Бөкейхановтың сөзі. Екінші идеясы – жердің асты-үстіндегі бір түйір тас осы Алаш мемлекетінің игілігіне жұмсалуды керек. Үшіншісі – бір уыс жүн қазақ халқының үстіне тоқыма боп тоқылуы керек. Бұл да Әлихан айтқан ой. Төртіншісі – тіл, дін үстемдігі. Бесіншісі – дәстүрге негізделген заң мен тәуелсіз ғылым арқылы жапондар сияқты ұлттық, демократиялық мемлекет құру» дейді.

Бесеуі де ұлттық идея негізі. Бес идея да халыққа тән же. Бұл ойды Әлихан Бөкейхановтар осыдан 100 жыл бұрын айттып кеткен. Әлі де өзектілігін жойған жоқ.

Алаш мұраты мен тұлғаларының бейнесін өркениет күшімен түсіндіру, ұқтыру мемлекетіміздің, ұлтымыздың, әсіресе, жас ұрпақтың рухын оятатын іс әрекеттер болып табылады.

Алаш орданың 100 жылдығы сияқты тарихи оқиғаларды дәріптеуде көркем өнердің қазіргі технологияларының бірі графикалық суреттің мүмкіндіктері өте зор.

Алаш көсемі Әлихан Бөкейхановтың, Алаш қозғалысының басқа да көрнекі қайраткерлерінің идеялық мұраларын тарату мен оны бүгінгі күннің кәдсіне жетатудың, сондай-ақ олардың бейнелерін көркемөнер тұлғаларында, соның ішінде сурет. Графика саласында сомдаудың да жас ұрпақтарды отансүйгіштікке баулып, тәрбиелеуде маңызы ерекше деп саналады.

Графика – бейнелеу өнерінің бір жанры. Кескіндеме жанрында түспен бояу негізгі рөл атқарса, графикада сызықтар, штрихтар, ашық және қара (қоңыр) дақтардың арақатынасы шешуші рөл атқарады, сондай-ақ заттардың ең негізгі белгілері таныта алынады. Графика өнері каллиграфиямен, жазбамен тығыз байланысты деп табылады.

Алаш орданың 100 жылдығына арналған графикалық суретте тәуелсіздіктің алғашқы негізін салушылар, сонымен қатар егемендік пен тәуелсіздікті аңсаған қоғам қайраткерлері мен қазіргі тәуелсіз Қазақстан бейнесі ұштастырыла бейнеленген. Суретте Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов сияқты алаш өкілдері және егеменді қазақ еліміздің символдары қатар суреттеледі. Алаш қоғамдық – саяси

қозғалысының көсемдері сан ғасырлар бойы Россия империясының отары болып келеген Қазақстанды тар шеңбердегі таптық тұрғыдан емес, керісінше жалпы ұлттық мақсат-мүдделер негізінде дербес ел етуге ұмтылды.

Қазақ еліміздің символдарының ішінде айбындылық, намыс, тәуелсіздік, еркіндік, бостандық, мақтаныш, биік ниеттер, ұлылық, қырағылық ұғымдарын білдіретін қыран құстың бейнесі салынған. Қанаттарын жайған бүркіт барлығын тегіс қамтитын өкімет, ірі мемлекет символы. Өзінің туған жазықтығында бейбіт ұшып жүрген бүркіт дала халықтарының жанының көңілінің кеңдігін, өзіміздің тәуелсіз мемлекетіміздің аман, бостандық сүйгіш рухын сыйлайтын барлық халық пен ұлттарға өз құшақтарын жайып қарсы алатындығын бейнелейді.

Шаңырақ – отбасы амандығы, бәйбітшілік және ашық аспанды білдіреді. Шаңырақты айнала кет сәулесіндей тарап уықтар шаншылған. Олар өмір мен жолдың белгісі, қазіргі Тәуелсіз Қазақстанның бейнесі.

Жобада еліміздің жүрегі Астана қаласының бейнесі суреттеледі, себебі Астана біздің арман-тілегіміздің нақты жүзеге асуының белгісі. Бұл даланың көңілде талай ондаған жылдар бойы бостандық пен тәуелсіздік идеясы қалықтап жүрген, ол өз жеріне шексіз берілген адамдардан күш-қуатының қайнар көзі. Астана – Қазақстан халқының орындалған үміті мен арманының көрінісі. Астананың нағыз символы, оның танымал карточкасы болып табылатын «Астана-Бәйтерек» монументі. Бәйтеректің негізгі мәні бәйбітшілік дарағы болып есептеледі. Ежелгі түпкі ұғымында «бәйтерек» деген сөздің өзі «өмір ағашы» деген мағынаны білдіреді.

Жобаның жақтаулары қазақтың ұлттық нақышты келтіретін оқ-өрнектермен көркемделген.

Осы жоба арқылы Қазақстанның тәуелсіздігі мен егемендігінің қазақ тарихындағы алатын орнын, құндылығын қазақ жастарының сана-сезіміне сіңіртуге, жас ұрпақтың бойында жоғарғы патриоттық сананы қалыптастыру, өз елі үшін мақтаныш сезімін, отанының мүдделерін қорғау жөніндегі азаматтық борыш пен конституциялық міндеттерді орындауға тәрбиелеуге тырыстық.

Қорыта айтқанда, бүгінгі таңда ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздікке қол жеткізген қазақ халқы үлкен тарихи сынның алдында тұр. Ол – аталарымыз аңсаған осы тәуелсіздігімізді баянды ету, мемлекеттігімізді әлемнің дамыған елдерімен теңестіру, қырғын-сүргінді, қорлық-зомбылықты басынан асыр кешпеген халықты бақытты ету, еліміздің осы уақыт аралығындағы қол жеткізген жетістіктерінің рахатын сезіндіру.

Әдебиеттер:

1. К.Нұрпейісов, Алаш ақиқаты, Алматы. 2010, -250б
2. Қойгелдиев, Алаш қозғалысы, Екі томдық монография, Алматы, 2008, 1 том 382-423 б
3. Абдығалиев Б. Алаш-Орда // Мысль.- 2013.- № 5. - май.- С. 46-48.
4. Аманжолова Д. Казахский автономизм и Россия. История движения «Алаш». Москва. 1994.

Ергенова М.Е.

студент 1 курса, КарГУ имени академика Е.А. Букетова

Кенжебеков Г.Б.

м.п.н., ст. преподаватель,

КарГУ имени академика Е.А. Букетова

ПРЕОДОЛЕНИЕ ПРИТЯЖЕНИЕ, КАК СТРЕМЛЕНИЕ ВВЫСЬ

В моей будущей квартире будет беспорядок. На стенах будут незаконные скетчи и рисунки. Каждая кружка, каждая ложка будут разноцветными. У каждого из них будет своя история. Окна будут большими и почти всегда открытыми. Много растений. И запах краски. К чему это я? Я выбрала этот путь потому, что люблю творить. Творить всем своим сердцем, душой и чувствовать как это наполняет меня. Чувствовать свет, тени, переулки после дождя, как все меняется и обновляется вокруг, цвета и погоду. Я люблю это и чувствую, что живу. Когда рисую, меня переполняет страсть, стремление и хочется наполниться красками, сделать совершенство свое. Как музыкант пишет и исполняет песню, говоря о своей боли, чувствах и страхах, создавая музыку струнами сво-